


Action research – тегі деректерді жүйелі жинақтау мен талдаудың маңыздылығы.

Анотация: “SHARE” халықаралық жобасы аясында 2019-2020 оқу жылында жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша тәжірибе. Негізгі зерттеу сұрағына деректер жинақтау және талдау маңыздылығына мән беріледі. Деректермен жұмыс жүйелі болуына назар аударылады.

Зерттеу сипаттамасы: Зерттеу нысаны сынып жетекшісінің мінездемесі және сыныптың сапа көрсеткіші негізінде таңдалды. Сынып бойынша desktop жинақталды. Desktop жинақтау және талдау Е. Уилсонның «Білім беру- зерттеу әдістеріне кіріспе» оқулығына негізделді. Сұхбат және фокус топ жүргізілді, социометриялық талдау жасалды. Зерттеу барысында этикалық нормалар сақталды. Фокус топ пен сұхбат жүргізу үшін оқушыға негізделген сұрақтар құрастырылды. Деректер жинақтау өңдеуде бір қатар қателіктерге жол берілді, дегенмен зерттеуге валидтілігі жоғары деректер жинақталды. Жинақталған деректер бойынша талдау жасалып пән мұғалімдеріне таныстырылды, келесі әрекет түрін таңдауына ықпал етті.




Социометрия Фокус топ Сұхбат Жеке карта



Бақылау

- Кумулятивті әңгіме
- Сұхбаттасушы мен сұхбат орнын таңдау еркіндігі берілмеді
- Ата – ананың жазбаша рұқсаты алынбады
- Рефлексиялық талдау жасалмады
- Сұрақ құрастыруға, талдауға пән мұғалімдері араластырылмады
- Жүйелі диагностика болмады

5 А сыныбының білім сапасы (%) 2019-2020 о.ж.



Деректерді жинақтау мен талдау не берді?

- Отбасындағы жағдайын білдік
- Әлеуметтік жағдайын анықтадық
- Кейбір пәндер оқылмағанын білдік
- Онлайн қосылуға мүмкіндік болмағанын
- Мектептерді көп әрі жиі ауыстырғанын білдік
- Сыныптағы қарым - қатынас деңгейін анықтадық
- Оқушының мұғалімге сенімі артты



Нәтиже → әрекет

Қосымша сабақ
Даму баспалдағы



Жеті модуль
LS
квест

Фильм-терапия

Пик-ник
Пицерия
Коньки, шаңғы, ыстық шай үш рет
Музей (тарих)
Әр шараға ата-аналар кезекпен келіп отырды



Қорытынды: зерттеу барысында оқушылар мұғалімдерге ашылды, сенім пайда болды. Жинақталған деректері талдау барысында зерттеу фокусы анықталды. Зерттеудің келесі циклінде анықталған фокуста жұмыс жасау үшін жоспар құрылды. Фокусты назарда ұстай отырып, зерттеушілер оқушыларды бақылау мақсатында топтарға бөліп алды. Жинақталған деректерді зерттеушілер ортақ талқылап, жүйелі түрде іс-әрекеттерді жүзеге асыру туралы шешім қабылдады

<https://www.youtube.com/watch?v=87OqKb2X0sU>